

«ESIL-MEDIA» ЖК

Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы,
Көкшетау қаласы, Центральний ш/а 24В, кв30

Тел: +7 775 522 54 11

Веб-сайт: esilnews.kz/kz

Эл.почта: esilnews@mail.ru

БИН: 860819450618

ИИК: KZ76722S000051447565

Банк АО "Kaspi Bank"

БИК: CASPKZKA, Кбе 19



**Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясына**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 1 шілдедегі №1338 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының **2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған сайлауына байланысты**, «ESIL-MEDIA» жеке кәсіпкерлігі – Esilnews.kz желілік басылымының меншік иесі тіркелген кандидаттарға Esilnews.kz сайтында сайлауалды үгіт жүргізу мүмкіндігін ұсынатынын хабарлайды.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 28-бабының 3-тармағына сәйкес, Сізге тіркелген кандидаттарға интернет-алаң ұсыну шарттары, тәртібі және төлем мөлшері туралы мәліметтерді жолдаймыз.

Тиісті акпарат заңнамада белгіленген мерзімдерде Esilnews.kz сайтында жарияланатын болады.

Қосымша:

1. Интернет-алаң ұсынудың жалпы шарттары мен тәртібі – 2-3 бет
2. Баға (прайс-лист) – 4 бет

«ESIL-MEDIA» ЖК директоры



Т.К.Оспанова

Интернет-алаң ұсынудың жалпы шарттары мен тәртібі

Сайт сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру үшін интернет-алаңды жазбаша өтініш және Сайттың меншік иесі мен саяси партияның уәкілетті өкілі арасында жасалатын шарт негізінде ұсынады.

Шарттың және оған қоса берілетін құжаттардың нысандары жазбаша өтініш түскеннен кейін ұсынылады.

Шарт жасасу үшін саяси партияның уәкілетті өкілі Сайт меншік иесіне келесі құжаттарды ұсынады:

1. партиялық тізімді ұсыну туралы құжаттың көшірмесі;
2. уәкілетті өкілдің өкілеттігін растайтын құжат көшірмесі;
3. жазбаша өтініш (жоспарланған материал көлемі мен түрі көрсетіледі);
4. үгіт материалының мәтіні (қағаз нұсқада – әр бетіне уәкілетті тұлғаның қолы қойылған, және электронды нұсқада);
5. өтініш беруші уәкілетті өкілдің жеке куәлігінің көшірмесі.

Орналастыру тәртібі

Сайтта үгіт материалдарын орналастыру жазбаша өтініштердің келіп түсу ретіне сәйкес жүзеге асырылады.

Өтініштерде көрсетілген деректер (күні мен уақыты) негізінде редакция сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру кестесін қалыптастырады.

Үгіт материалдарын жариялау талаптары

Сайтта орналастырылатын барлық сайлауалды үгіт материалдары міндетті түрде «Сайлауалды үгіт» белгісімен жарияланады.

Сондай-ақ әрбір жарияланымда қаржыландыру көзі туралы ақпарат көрсетілуі тиіс.

Сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылады.

Материалдар редакцияға жариялауға дейін кемінде **3 (үш) сағат бұрын** дайын күйінде ұсынылуы тиіс және сайттың техникалық талаптарына толық сәйкес болуы қажет.

Төлем тәртібі

Сайтта сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру **100% алдын ала төлем** негізінде жүзеге асырылады.

Төлем ұсынылған шот негізінде, шот берілген күннен бастап **5 (бес) банктік күн ішінде** жүргізіледі.

Материалдарды жариялаудан бас тарту негіздері

Редакция Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасының талаптары сақталмаған жағдайда үгіт материалдарын орналастырудан бас тартуға құқылы.

Сайт келесі жағдайларда материалдарды жариялаудан бас тартады:

- конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге шақыру;
- мемлекеттің тұтастығын бұзуға бағытталған мазмұн;
- ұлттық, әлеуметтік, діни немесе өзге де алауыздықты қоздыру;
- зорлық-зомбылық пен қатыгездікті насихаттау;
- заңнамада көзделмеген қарулы құрылымдарды құруға шақыру;
- кандидаттың немесе саяси партияның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұксан келтіруі мүмкін ақпараттың болуы.

Сайлауалды үгіт материалдарын орналастыруға арналған баға тізімі

<u>№</u>	Орналастыру түрі	Шарты	Құны, ҚҚС-сыз
<u>1</u>	Дайын коммерциялық материал	1 тәулік (басты бетте) екі тілде қазақша және орысша	Басты бетте және тиісті айдарда 100 000 KZT
<u>2</u>	Жаңалық немесе анонс жариялау (1000-1500 таңба)	1 тәулік (басты бетте) екі тілде қазақша және орысша	Басты бетте және тиісті айдарда 100 000 KZT
<u>3</u>	Баннерлік жарнама	Басты бетте	180 000 KZT

Ресурстарымызға қызығушылық танытқаныңыз үшін алғыс білдіреміз!
Табысты ынтымақтастыққа үміт артамыз!

«ESIL-MEDIA» ЖК директоры

Т.К.Оспанова

